

**№ 136 жалпы орта білім беретін мектептің шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының 2025 жылдың 28 мамыр күнгі Дене  
шынықтыру пәні бірлестігінің №5 отырысының хаттамасы**

**Күні:** 28 мамыр 2025 жыл

**Өткізілген орны:** спортзал мұғалімдер бөлмесі

**Қатысқандар:** 13

**Қатыспағандар:** 0

**Бірлестік жетекшісі:** Танирбергов М.Т.

**Хатшы:** Лутфуллаев И.

**Күн тәртібі:**

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы және дене шынықтыру пәні бірлестігінің жылдық есебі.
2. Оқу бағдарламасының толық орындалуы және сабақ сапасы туралы баяндама.
3. Оқушылардың спорттық жетістіктері мен белсенділігін талдау.
4. Жыл бойғы спорттық іс-шаралар мен жарыстардың нәтижелері.
5. Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар мен жоспардың негізгі бағыттары.
6. Үздік мұғалімдер мен спортшыларды марапаттау.

**Тыңдалды:**

Бірлестік жетекшісі Танирбергенов Мақсат дене шынықтыру пәні бірлестігінің 2024–2025 оқу жылындағы жұмыс қорытындысы бойынша есеп берді.

Баяндамасында келесі нәтижелер атап өтілді:

- Барлық сыныптарда оқу бағдарламасы толығымен орындалды;
- Сабақтарда жаңа әдістемелік тәсілдер, ойын элементтері және заманауи жаттығулар қолданылды;
- Мектепішілік, аудандық, қалалық жарыстарға оқушылар белсенді қатысты, жүлделі орындар иеленді;
- Мұғалімдер арасында өзара тәжірибе алмасу, ашық сабақтар мен семинарлар өткізілді;
- Қауіпсіздік техникасы қатаң сақталып, жарақаттану жағдайлары тіркелмеді.

Жетекші атап өтті, бірлестіктің жыл бойғы жұмысы табысты өтті, ұжым арасында ынтымақтастық пен кәсібилік деңгейі артты.

**Талқыланды:**

- Лутфуллаев Исадулла оқушылардың жеке спорттық жетістіктерін бағалай отырып, келесі жылы үздік спортшылар тізімін қалыптастыруды ұсынды.
- Ахмет Жеңіс жазғы демалыс кезінде спорттық лагерь ұйымдастыру туралы ұсыныс айтты.
- Бастарбеков Нұрмахан спорттық құрал-жабдықтар қорын толықтыру және спортзалдың материалдық базасын жаңарту қажеттігін көтерді.
- Қуатбаев Қалдыбек 2025–2026 оқу жылында «Салауатты ұлт – мықты болашақ» атты спорттық айлық өткізуді ұсынды.

Барлық ұсыныстар талқыланып, келесі оқу жылына арналған жоспардың жобасына енгізілді.

**Қаулы:**

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша дене шынықтыру пәні бірлестігінің жұмысы жоғары деңгейде деп бағалансын.
2. Мұғалімдер мен оқушылардың жетістіктері мектепішілік жиында марапатталсын.
3. Келесі оқу жылында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында түрлі спорттық айлықтар мен мектепішілік жарыстар ұйымдастырылсын.
4. Мектептің спорттық базасын жаңарту және жабдықтарды толықтыру бойынша әкімшілікке ұсыныс хат дайындалсын.
5. Бірлестік мүшелеріне жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарларын тамыз айының бірінші аптасында тапсыру тапсырылсын.
6. 2025–2026 оқу жылында спорттық жарыстар мен үйірмелердің сапасын арттыру мақсатында оқушылардың қызығушылығын мониторинг жүйесі арқылы қадағалау енгізілсін.

**Төраға:** Танирбергенов М.Т. 

**Хатшы:** Лутфуллаев И. 